

## **"Вторма" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сату жөніндегі жабық тендер туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 25 наурыздағы N 347

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес және қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің, Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, Экономика министрлігінің қайталама ресурстар жүйесінің қызметін нарық жағдайында "Қызылорда целлюлоза-картон комбинаты" және "Вторма" акционерлік қоғамдарының базасында оңалту жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік

комитеті "Вторма" акционерлік қоғамы (Алматы қаласы) акцияларының мемлекеттік пакетін жабық тендерде, оның шарттарына сатып алушыға арналған мынадай шараларды қоса отырып сатуды жүзеге асырсын:

10 жыл бойы қайталама шикізат (макулатура, шүберек, шыны сынықтарын) жинау жүйесін сақтау;

жиналған қайталама шикізатты республика кәсіпорындарында қайта өңдеу;

1996 жылдан бастап, қайталама ресурстарын жинау жүйесінде қосымша жұмыс орындарын құру.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі